

"Орталық Азия Үнтымақтастығы" Ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасында Шекара маңы саудасы саласындағы ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1067 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Орталық Азия Үнтымақтастығы" Ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Шекара маңы саудасы саласындағы ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрі Әділбек Рыскелдіұлы Жақсылықовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан "Орталық Азия Үнтымақтастығы" Ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасында Шекара маңы саудасы саласындағы ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім жасасуға **өкілеттік берілсін.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Казакстан Республикасының

Премьер-Министри

Жоба

"Орталық Азия Үнтымақтастығы" Ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Шекара маңы саудасы саласындағы ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын "Орталық Азия Үнтымақтастығы" Ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері,

2002 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Тәжікстан Республикасы арасындағы "Орталық Азия Үнтымақтастығы" Ұйымын құру туралы шарттың негізінде,

Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы өңірлерінің арасындағы сауданы дамыту және кеңейту осы Келісімнің негізгі мақсаты болып табылатынын назарға ала отырып,

Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы аумақтарында тұратын халықтардың тығыз тарихи және мәдени-этникалық байланыстарына сүйене отырып,

Тараптар мемлекеттерінің егемендігі мен аумақтық тұластығын құрметтей отырып,

экономиқаны дамыту, коопeraçãoлық байланыстарды кеңейту және Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы аумақтарының инфрақұрылымын нығайту жөнінде келісілген іс-қимылдар жасау қажеттілігін мойындай отырып, өзара тиімділік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, шекара маңы саудасын дамыту үшін қолайлар жасаудың маңызына мән береде отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде мынадай негізгі терминдер мен ұғымдар қолданылады: шекара маңы өнірі - әкімшілік-аумақтық шекаралары Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекаралары сызығына сәйкес келетін әкімшілік немесе өзге де мемлекеттік аумақтық құрылымдар шегіндегі Тараптар мемлекеттері аумағының бөлігі (ауданы);

шекара маңы саудасы - Тараптар мемлекеттерінің шектес шекара маңы аумақтарында Тараптар мемлекеттерінің жеке және занды тұлғаларының арасында жүзеге асырылатын сауда.

2-бап

Осы Келісімнің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

шекара маңы саудасын дамыту және кеңейту;

Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы өнірлері арасында өзара тиімді сауда-экономикалық байланыстар орнату және оларды жетілдіру;

экономикалық ықпалдастықты тереңдептесу және Тараптар мемлекеттері шекара маңы өнірлерінің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану;

Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы өнірлері шегінде тауарлар мен қызметтер өткізуге қыындық туғызатын кедергілерді жою;

Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы саудасы саласындағы нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру және біріздендіру болып табылады.

3-бап

Тараптар коопeraçãoға, мамандандыруға, өз мемлекеттерінің шекара маңы өнірлерінің инфрақұрылымын құру мен оны нығайтуға негізделіп келісілген экономикалық саясатты жүргізу жолымен Тараптар мемлекеттерінің шектес шекара маңы өнірлерінің арасындағы шекара маңы саудасын дамыту мен кеңейтуге жәрдемдесетін болады.

4-бап

Тараптар шекара маңы саудасын дамытуға Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы саудасы саласындағы нормативтік-құқықтық базасын жетілдіруге және біріздендіруге жәрдемдесетін болады.

5-бап

Тараптардың шекара маңы саудасы саласындағы ынтымақтастығы Тараптар мемлекеттері ұлттық заңдарының нормаларын және қатысушылары Тараптар мемлекеттері болып табылатын халықаралық шарттардың ережелері сақтала отырып, мемлекеттік басқару органдарының әртүрлі шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында жүзеге асырылатын болады.

6-бап

Осы Келісімнің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін Тараптар мемлекеттерінің шектес шекара маңы өнірлерінің мемлекеттік басқару органдары шекара маңы саудасын дамыту жөнінде келісілген бағдарламалар әзірлейтін болады.

7-бап

Тараптар қажет болған жағдайда шекара маңы саудасы мәселелерін шешу үшін бірлескен комиссиялар (жұмыс топтарын) құруы мүмкін.

8-бап

Тараптар шекара маңы өнірлерінің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану мақсатында Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарында көзделген әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандардағы сауда үйлері мен кәсіпорындардың қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

9-бап

Тараптар ұлттық заңдар шеңберінде шекара маңы өнірлеріндегі тауарлар мен қызметтер өндірушілерді қолдау үшін:

сұрау салу бойынша Тарап мемлекеттерінің ақпараттық және заңнамалық базаларын ұсынуды;

рыноктар коньюктурасы туралы ақпараттармен қамтамасыз етуді; өніраалық шаруашылық байланыстары бойынша әріптестерді іздеудің автоматтандырылған жүйесін құруды;

отандық өндіріс тауарларының көрмелерін, жәрмеңкелерін және жарнамаларын үйымдастыруды көздейтін ақпараттық-маркетингтік орталықтар құру жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

10-бап

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы өнірлерінде тауарлардың, қызметтердің және капиталдың заңды түрде өткізуіне қолайлы жағдайлар жасау мақсатында кедендік рәсімдерді, шекаралық, көліктік, санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринарлық және өзге де бақылау түрлерін оқайлату мен біріздендіру жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

11-бап

Тараптар шекара маңы өнірлерінің инфрақұрылымдарын құру мен нығайтуға бағытталған шекара маңы саудасын дамыту жөніндегі бірлескен өңіраалық бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесетін болады.

Тараптар инвестициялар тарту мақсатында Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы өнірлерінің аумағында шекара маңы саудасы орталықтарының әртүрлі үлгілерін құрудың экономикалық және құқықтық мүмкіндіктерін зерделейді және келісілген шешімдер қабылдайды.

12-бап

Тараптар ұлттық зандарға және Тараптардың мемлекеттері қатысуышылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар мемлекеттерінің шекара маңы өнірлерінде көліктік қызметтер рыногын, көлік коммуникациялары мен инфрақұрылымдарды бірлесіп пайдалануды дамытуға, көлік құралдарымен жолаушылар және жүк тасымалдарын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге жәрдемдесетін болады.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысуышылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

14-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

15-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16-бап

1. Осы Келісім белгіленбegen мерзімге жасалады.
2. Тараптардың әрқайсысының Келісімнен шығудың болжалды күнінен кемінде алты ай бұрын бұл туралы депозитарийді жазбаша хабардар ету жолымен осы Келісімнен шығуға құқығы бар.

17-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

2004 жылғы " _____" қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Түпнұсқа дана әр Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын _____ сақталады.

<i>Қазақстан</i> Республикасының Үкіметі үшін	<i>Қыргыз</i> Республикасының Үкіметі үшін	<i>Тәжікстан</i> Республикасының Үкіметі үшін	<i>Өзбекстан</i> Республикасының Үкіметі үшін
---	--	---	---